

Ленин ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 20 "Ленин селолық округінің Жанахай селосының құрамдас бөлігін атауы туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы Ленин ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 28 мамырдағы № 10 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 маусымда № 4821 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес, Ленин ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы** :

1. Ленин ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 20 "Ленин селолық округінің Жанахай селосының құрамдас бөлігін атауы туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу № 9-20-117 тіркелген, 2009 жылғы 29 қаңтарда "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес, Жанахай ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Ленин ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы** : " ;

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", " селосының", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылының", "ауылы" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген шешімнің қосымшасында мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша " селосының", "селолық" деген сөздер тиісінше "ауылының", "ауылдық" деген сөздермен ауыстырылып өзгерістер енгізілсін; орыс тіліндегі мәтін өзгертілмейді.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ленин ауылдық округінің әкімі

М. Шортанбаев